

## Қазалы ауданының елді мекендерінің шекараларын (шегін) өзгерту туралы

Бірлескен Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 қарашадағы № 234 қаулысы және Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 136 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 қарашада № 6032 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Көлалық ауылдық округінің Ақтан батыр ауылының шекарасының (шегінің) жалпы алаңы 5893 гектар, Бозкөл ауылдық округінің Бозкөл ауылының жалпы алаңы 9106 гектар, Сарыкөл ауылдық округінің Абай ауылының жалпы алаңы 8727 гектар, Басықара ауылдық округінің Басықара ауылының жалпы алаңы 10836 гектар, Аранды ауылдық округінің Қожабақы ауылының жалпы алаңы 10717 гектар болып өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданы әкімінің міндетін атқарушы  
Қазалы аудандық мәслихатының  
кезекті XVII сессиясының төрағасы,  
аудандық мәслихат хатшысы

С.Бабанаев

К.Назымбеков

Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "03" қарашадағы № 234 қаулысына және Қазалы аудандық мәслихатының 2017 жылғы "03" қарашадағы № 136 шешіміне қосымша

## Қазалы ауданының елді мекендерінің жерлерінің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі (гектар)	Оның ішінде (гектар):						Басқа да жерлер
			ауыл шаруашылығы алқаптары						
			егістік	к ө п жылдық екпелер	тынайған жер	шабындық	бақша	жайылымдар	
1	2	3	4	5	6	7	8		9
1	Көлалық ауылдық округінің Ақтан батыр ауылы	5893	15	1,0	-	449	63	3722	1643

2	Бозкөл ауылдық округінің Бозкөл ауылы	9106	3		174	30	3	6534	2362
3	Сарыкөл ауылдық округінің Абай ауылы	8727	4	-	325	273	40	4682	3403
4	Басықара ауылдық округінің Басықара ауылы	10836	3	-	-	32	10	6682	4109
5	Аранды ауылдық округінің Қожабақы ауылы	10717	67	-	35	140	6	5541	4928

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК